



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

отсылают к Налоговому кодексу Республики Казахстан. Как мера юридической ответственности возмещение экологического вреда используется для наказания субъектов, его причинивших. В соответствии со ст.321 ЭК РК лица, совершившие экологические правонарушения, обязаны возместить причиненный ими ущерб в соответствии с Кодексом и иными законодательными актами Республики Казахстан. Возмещению подлежит ущерб, причиненный окружающей среде, здоровью граждан, имуществу физических и юридических лиц, государству вследствие:

- 1) уничтожения и повреждения природных ресурсов;
- 2) самовольного и нерационального использования природных ресурсов;
- 3) самовольного загрязнения окружающей среды, в том числе аварийных, несогласованных залповых выбросов и сбросов, размещения отходов производства и потребления;
- 4) сверхнормативного загрязнения окружающей среды [2].

Список использованной литература:

1. Гражданско-правовая ответственность за вред, причиненный здоровью человека и окружающей среде (некоторые вопросы правового регулирования операциями по недропользованию). Специализированный ежемесячный журнал «ЮРИСТ», №3, 2005 г.
2. Кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года № 212-III «Экологический кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2014 г.).
3. Кодекс Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года № 99-IV «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.11.2014 г.).
4. С.М. Мухтарова Вестник КазНУ г.Алматы 2009 "Возмещение экологического вреда как мера обеспечения охраны природных объектов от загрязнения". (<http://articlekz.com/article/6920>).

ӘОЖ 349.42

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАЦИЯ АГРАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

Мазимова Асем Нурлыбековна

usem_94@mail.ru

Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ.

Ғылыми жетекші – Тулеубаева Г.Ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында ауыл мәселесіне тоқталып, алдағы жаңа тарихи кезеңде оны дамытудың міндеттерін айқындап берді. 2050 жылға қарай Ішкі жалпы өнімдегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы тиіс деп нысананы айқындап, соған жету жолдарын атады. Соның ішінде ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту, осы саладағы қайта өңдеу мен саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту қажеттігін көрсетті. Соған сәйкес агроөнеркәсіп кешенін қазіргі әлемдік жаһандану жағдайында дамыту мәселелері заңнамалық, экономикалық және қаржыландыру тетіктерінің жан-жақты, үйлесімді қолданылуын талап етеді. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығын индустриалды-инновациялық технологияға көшіру қажеттілігі туындап отыр. Оның ұсақ шаруашылықтарда ұйымдастырылуы мүмкін емес. Ол үшін ұсақ шаруашылықтар шоғырландырылып ірілетілуі керек. Оның екі жолы бар. Біріншісі, ұтымды түрде өндіріс ұйымдастырған шаруа қожалықтарына қосымша жер алып, инвестиция құю

арқылы ірілендіріліп, өндірісті шоғырландыруға мүмкіндік беру. Екіншісі, ұсақ шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарын кооперацияға біріктіру[1].

Алайда республикадағы аграрлық кооперация дамымауда. Қазақстанда кооперация құрамындағы шаруа және фермерлік шаруашылықтардың үлесі 1,5 % аспайды, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 140 % (АҚШ – 100%, Франция – 100%, Испания – 120%, Нидерланды – 140 % - ЭЫЖҚ және азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының мәліметі) жетеді. Кооперацияның даму үрдісін тежейтін негізгі себептер: коммерциялық емес формада құрылған ауыл шаруашылығы кооперацияларда пайданы үйлестіру мүмкін еместігі; ауыл шаруашылық серіктестіктерімен суды пайдаланушы ауылдық тұтыну кооперативтері үшін жеңілдетілген несиелендіру мен арнайы салық режимі түрінде мемлекеттік қолдаудың жоқтығы. Сонымен қатар кооперациялардың қызметі ашық емес, ал ішкі процедуралар артық реттелген. Қазіргі таңда аграрлық кооперация қызметі бес заңмен регламенттелген: «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы, «Өндірістік кооператив туралы» ҚР Заңы, «Селолық тұтыну кооперациясы туралы» ҚР Заңы, «Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» ҚР Заңы, «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы[2]. Дегенмен Қазақстан Республикасының заң актілері мен Азаматтық кодексі агроөнеркәсіп кешенінің өзінде, яғни ел экономикасында да, әлеуметтік өмірде де кооперативтердің нағыз орнын анықтауға жеткілікті мүмкіндік бермей отыр[3]. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Агроөнеркәсіптік кешен дамуға көшті. Бүгінде агроөнеркәсіптік кешен саласында 7 мыңға жуық ірі агрофирмалар, ауыл шаруашылық өнімдерін шығаратын 184 ұйым жұмыс істесе, 2 миллионнан астам адам осы саланы кәсіп етіп, күн көреді. Бүгінде агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған шаралар заңнамалық тұрғыда қадағалануы керек» деп, Үкіметке ауыл шаруашылығы кооперациялары туралы заң жобасын әзірлеу бойынша тапсырма жүктеу арқылы кооператив жұмысын тиісті деңгейіне дейін дамыту қажеттілігі уақыт талабы екенін алға тартқан болатын.

Кооператив теориясында «кооператив» ұғымына тек XIX ғасырдың екінші жартысында Д. Холиокпен түсінік берілді. Ол кооперативті заңды тұлғалардың өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарынан ажырататын екі критерийді анықтады:

- 1) Негізгі қызмет ретінде пайда табу мақсатының жоқтығы;
- 2) Түскен табысты капиталға емес, кооператив қызметіне шаруашылық қатысуына қарай үйлестіру.

Б.Лавернь де табысты капиталға емес, кооператив қызметіне шаруашылық қатысуына қарай үйлестіру кооперативтік бастама болып табылады деген идеяны жалғастырады. Оның айтуы бойынша, «түпкілікті мақсаты жеке еңбексіз табылған табысты жою болып табылатын, капиталистік қағидалар бойынша мүшелерінің арасында табысты үйлестіруден бас тартқан ассоциация ғана нағыз кооперативті болып табылады». Сондықтан да «кооперативте клиенттерден түскен табыс кооперативтің қосымша капиталына түседі немесе кооперативтің жеке мұқтаждарына жұмсалады немесе клиенттерге сыйлықақы ретінде қайтарылады»[4]. Сонымен, кооперативтің негізгі мақсаты – өзінің мүшелерінің материалдық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру, ал пайда – оған жету жолындағы құрал. Кез келген кооперативтің тапқан табысы мен пайдасы оны дамытуға, оның мүшелеріне сыйақы беруге (іске қатынасуына сәйкес), білім, ғылым деңгейлерін көтеруге, оларды әлеуметтік қамтамасыз етуге, тұрғын үй салуға және т.б. жұмсалады. Мұның бәрі кооператив жарғысында көрсетілуі тиіс. Манчестердегі Халықаралық конгресте қабылданған (1995 ж.) кооперативтік ұқсастық туралы мәлімдемеде қандай да болмасын кооперативтер – адамдардың өз еріктерімен, өздерінің қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған дербес қауымдастығы деп көрсетілген. Оның жұмысы кооператив мүшелерінің бірлескен иелігіндегі демократиялық жолмен басқарылады. Бұл арада қауымдастық дегенге тек жекелеген адамдар ғана емес, олардың топтары – заңды тұлғалар да кіреді. Кооперативтер туралы мұндай түсінік оларды барлық заңды тұлғалар массасынан (шаруашылық қоғамнан, серіктестіктерден) бөліп қарауға мүмкіндік береді. Олардың мақсаты да, экономикалық және әлеуметтік бағдарлары да бөлек.

Осы халықаралық кооперативтік альянстың мәлімдемесінде, оның негізгі мақсатын анықтау арқылы (яғни оның мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру), кооперативте капиталдың емес, адамның әлеуметтік маңызды екені баса көрсетілген. Соған сәйкес біздің заңнамада «коммерциялық немесе коммерциялық емес» деп, өндірістік және тұтыну кооперативтерінің ғана арасындағы шекараны бөлудің қажеті жоқ, шындығына келгенде, кооперативтер мен (олардың түрлеріне қарамай) шаруашылық қоғамдары және серіктестіктерінен айырмашылықтарын көрсете білу керек (соңғыларының негізгі мақсаты – пайда табу).

Соңғы онжылдықтардағы кооперативтердің сәтті қызметі аталған бірігудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны көптеген әлемдік мәселерді шешуге мүмкіндік беретінін көрсетті. БҰҰ-ның мәліметіне сәйкес, кооперативтер барлық мемлекеттерде кездеседі және 1 миллиард адамды қамтиды. Әлемдік кооперативтік жүйеде ауылшаруашылық (30%), тауарлық (23 %), сақтандыру (22 %) және кредиттік кооперативтер (19 %) ерекше орынды алып отыр. Соның ішінде нарықтық экономика елдерінің тәжірибелерінде ауылшаруашылық кооперативтерін құру, оларды дамыту мәселелері, басқа да экономикалық құрылымдармен, контрагенттермен қатынастары заң жүзінде азаматтық құқық нормаларымен реттеледі[5].

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде аграрлық реформа нәтижесінде қалыптасқан ауылшаруашылық кооперативтің юридикалық моделі классикалық кооперативтік бастамаларға сәйкес келмейді, себебі аталған жаңа типтегі кооперативтер кооперативті ұйымдастырушылық-құқықтық нысанының және акционерлік қоғамның белгілерін қамтиды. Кооператив қызметін реттеу үрдісі болып қазіргі таңдағы заңнамадағы кооператив моделі ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарында болған кооператив моделінен ерекшеленуі саналады. Кооперативтер мен өзге де заңды тұлғалар арасындағы шек жойылу үстінде. Аталған өзгерістер жалпыеуропалық кооперативті заңнаманың ықпалымен жүзеге асуда. Кооперативтер туралы еуропалық заң (2003) бойынша кооперативтер – мақсаты кооператив мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру немесе олардың шаруашылық, әлеуметтік қызметіне көмектесу болып табылатын компания. Еуропалық кооперативтер кез-келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды таңдауға құқылы. Жаңа типтегі шығысеуропалық кооперативтер жалға алынатын жерде өз жұмысын атқаратын акционерлік немесе өзге шаруашылық қоғам нысанында құрылады, оларды өз мүдделерін қанағаттандыра алмайтын ұсақтауарлы өндіріс ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар Еуропалық Одақ тәжірибесіне сүйене отырып, жеке және отбасылық фермерлік шаруашылықтардың даму үрдісі өз ықпалын тигізуде[6].

Жапонияда ауылшаруашылық кооперациясы мен тұтыну кооперациясына қатысты бөлек құқықтық реттеу қабылданған. Ауылшаруашылық бірінші реттік кооперативтер екі нысанда болады: несиелендіру мен өзге де қызметті жүзеге асыратын көпмақсатты кооперативтер мен мамандандырылған кооперативтер. Кооперативтердің құқықтық реттелуі 1947 жылы Жапонияда қабылданған «Ауылшаруашылық кооперациясы» Заңы негізінде жүзеге асады. Аталған Заңға сәйкес ауылшаруашылық кооперативі деп ауылшаруашылық өнімін жинау және жинау, өнім құралдарын сатып алу, өзара жәрдемдесу, консультация жүргізу, несиелендіру мен сақтандыру үшін құрылған фермерлер бірлестігі. БҰҰ-ның мәліметіне сәйкес, ауылшаруашылық кооперативтердегі жапондық фермерлердің мүшелік үлесі 90 %-дан асады.

Халықаралық тәжірибеге сай ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың мәселелерін шешу ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту болып табылады. Әлемде кооперативтер ауыл шаруашылығы мен шағын өнеркәсіп өндірісі жұмысшыларының еңбегі мен олардың жағдайын жақсартуға қомақты үлес қосуда, атап айтсақ өндірістік және тұтыну несиелерін ұсынады, банктік қызмет көрсетеді, өндірісті, адам өмірін, денсаулығын сақтандыруды және тұтынушы құқығын қорғауды жүзеге асырады. Мұндай қызметтерді көрсететін кооперативтер дамыған және дамушы елдерде кеңінен көрініс табады.

Фермерлердің әл-ауқаты мен олардың ұжымдық әрекеттерінің есебінен нарыққа ықпалын көтеру мақсатында ауылшаруашылық кооперативтері құрылуы қажет. Дамыған

елдерде ауылшаруашылық кооперативтері фермерлер үшін қаржылық және іскерлік функцияларды атқарады. Ауылшаруашылық кооперативтер ұжымдық сатып алу мен маркетинг жолымен әділ нарықтық бағаны белгілеуде маңызды рөл атқарады. Ауылшаруашылық кооперативтер фермерлерге ұтымды қаржыландыруды қамтамасыз ететін несиелік қызметтерді ұсынады. Оның мақсаты - лайықты проценттік ставкаға сәйкес фермерлер үшін қаржыландыруға еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл фермерлер мен агрокомпанияларды ауыл шаруашылығына бөлетін инвестицияларын көбейтуге ынталандыру үшін қажет. Сонымен қатар ауылшаруашылық кооперативтері фермерлерге ауылшаруашылық технологияларына, маркетингке және фермерлік шаруашылықты басқаруға үйрету секілді ақпараттық қызметті көрсетеді. Осылайша ұлттық желіні құру мақсатында үкімет ауылшаруашылық кооперативтері мен фермерлік ассоциацияны құруды қолдауы қажет [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұратқызы, Қ. (2011). Ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп көтеруге мүмкіндік мол. «Экономика» газеті, №49(221).
2. ҚР АШМ-де ауыл шаруашылық кооперациясы туралы заң жобасы ұсынылды. http://www.kazagro.kz/kk/web/kam/about;jsessionid=B5DDFA324EA7353A6A277421A556CD35?p_p_state=maximized&idNews=698&p_p_lifecycle=0&p_p_id=newsportlet_WAR_newsportlet&d-16544-p=3&action=showNewsFull&p_p_mode=view
3. Әкімбекова, Ғ. (2013). Ауылшаруашылық кооперациясы туралы бірыңғай заң керек. http://old.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=19551
4. Шилова, Н.П. (2012). Понятие и классификация кооперативов в трудах отечественных кооператоров: историко-правовой анализ. www.rae.ru/fs/?section=content&op=show_article&article_id=9999967
5. Шилова, Н.П. (2013). Современные юридические модели регулирования создания и деятельности кооперативов в зарубежных странах. <http://www.center-bereg.ru/b2026.html>
6. Воронина, Н.П. (2013). Правовая модель кооперативов «нового типа» в странах Центральной и Восточной Европы. http://e-notabene.ru/lr/article_10028.html
7. Джонгбин, И., Ючеул, С., Сенгхван, Ч., Медетбекова Д. (2008). Стратегии в сельскохозяйственном секторе по вступлению Казахстана в ВТО: уроки корейского опыта. www.wto.kz/documents/Files/.../Agri_final_report_RU_updated.pdf

УДК 551.588.7(574)

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Наубаева Гүлшат Боранбайқызы

gulshat-ai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Шарапатова Г.С.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік туралы сұрақтар эколог ғалымдардың үнемі назарында және ғылыми әдебиеттерде кең айтылған. Дегенмен де заң ғылымында экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке бірыңғай анықтама жоқ. М.М. Бринчук экологиялық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік деп «мемлекет атынан әрекет ететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті органдар, құқық қорғау органдары және өзге де уәкілетті субъектілер мен экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлға (жеке, заңды немесе лауазымды) арасындағы қатынасты» түсінеді [1]. С.Д. Бекішева экологиялық жауапкершілікті объективтік және